

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: «Дене шынықтыру»

Тақырыбы: «Денсаулық - зор байлық»

Мақсаты: «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту, балаларды өзін құрметтеуге, жеке тұлға ретінде көрсете білуге, салауатты өмір салтын сақтауға, дені сау, рухы таза ұрпақ болуға тәрбиелеу. Берілген жан-жақты жаттығуларды, негізгі қимылды, сапалы, дұрыс орындау дағдысын қалыптастыру, қимыл қозғалыс арқылы баланың қиялын, ойлау қабілетін арттыру. Балаларды таза жүруге, берілген тапсырманы ынтымақтастықпен білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті шарлар, шеңберлер, түрлі пішіндегі кедергілер, жеміс жидектердің қиындысы.

Әнұран.



Шаттық шеңбері: Шеңбер болып тұрайық

Алақанды ашайық.

Күннің көзін салайық

Жылыған жүрек жылуын

Бір-бірімізге шашайық.

Тәрбиеші: Балалар Бүгін сендердің мерекелерің қандай күн?

Балалар хормен : 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні

Тәрбиеші: Балаларды қорғау дегеніміз-әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Қымбатты балалар! Бүгінгі мерекелерің құтты болсын! Сендерге ашақ аспан, бейбіт өмір, бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз. Бүгін біз балалар күніне арналған «Денсаулық-зор байлық» атты ашық оқу қызметімізді бастаймыз. Олай болса бір көңіл көтеріп, ойын ойнайық.

Ойынның шарты: 2 топқа бөлініп, суретте берілген табандармен, қолдарды дұрыс басып өту арқылы, жеміс-жидектердің қиындысын құрастыру.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, бәріңде епті екенсіңдер. Олай болса екінші ойынымызды ойнайық.



Ойынның шарты: Шеңберлерден аттап өту арқылы, түрлі-түсті шарларды түс-түске орналастырып қою.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, өте тамаша ойын болды.

Тағыда ойын ойнағыларың келеді ма?

Балалар: Иә, Алақай. Ойнайық.

Ойынның шарты: Түрлі пішіндегі кедергілерден өтіп, шарды ілініп тұрған шеңберге лақтыру арқылы жапыстыру.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.Бүгін барлықтарың естен кетпес керемет ойын ойнадыңдар.Олай болса, бәріміз бірге «Ай будет круто» билеп алайық.

Тәрбиеші: Осымен «Денсаулық- зор байлық» атты ашық оқу қызметіміз аяқталды.

